

Аудан әкімдігі жанындағы «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия» кеңейтілген отырысының ХАТТАМАСЫ №8

Құлан ауылы

2026 жылғы 24 сәуір,
сағат 15.00, аудан әкімдігінің
үлкен мәжіліс залы

Төрағалық етуші: Б.Тұрсынбек - аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы.

Комиссия хатшысы: А.Сәрсеханұлы - ауданы әкімі аппаратының бас инспекторы – комиссия хатшысы.

Қатысқандар: Аудан прокуратурасының прокуроры Д.Сарымолда, тізім бойынша (қоса тіркеледі).

Күн тәртібі:

1. Мерекелік демалыс күндері және соңғы қоңырау іс-шаралары кезінде кәмелеттік жасқа толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықбұзушылық әрекеттердің алдын алу туралы (соңғы қоңырау кезінде құқықбұзушылықтың алдын алу, тауға серуенге шығуға, банкет жасауға жол бермеу, көліктермен шығуға жол бермеу, суға түсу кезінде өрежелерді сақтау т.б түрлі қатерлі жағдайлардан сақтану, қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету);

2. АПБ-нің есебінде тұрған кәмелетке толмаған жасөспірімдерді спорттық секцияларға іс-шараларға тарту бойынша атқарылған жұмыстар туралы;

3. №6 мектеп-гимназиясының ұсынысын қарау туралы (кәмелет жасына толмаған Е.Н.Н-ға қатысты);

4. Комиссияның құзыретіне кіретін әр түрлі мәселелер.

(Б.Тұрсынбек, А.Базарқұлова, Е.Шабеев, Г.Тасханбаева)

1. Баяндамашылар мен хабарламашылардың баяндамалары мен хабарламалары, мәлімдемелері назарға алынсын.

2. Аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы (А.Базарқұлова, келісімі бойынша, жинақтау), барлық білім беру ұйымдары (келісімдері бойынша), Құлан агротехникалық жоғары колледжінің директоры (Т.Шарипов, келісімі бойынша), аудандық Полиция бөлімінің бастығы (М.Қуанышбеков, келісімі бойынша), заң талаптарына сәйкес:

2.1. Білім бөлімі тарапанын жазғы демалыс уақтысын қауіпсіз өткеру бойынша барлық мүдделі органдардан ұсыныстарды жинақтай отырып, кешенді жоспардың жобасын әзірлеп, енгізісін.

Орындау мерзімі: 04.05.2026 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.

2.2. Мамыр, маусым айларын «Профилактика айы» деп жариялап жоспарды қысқа уақыт аралығында бекітіп, алдағы уақытта атқарылатын іс-қимылдарды айқындап, сапалы, нәтижелі іске асырылсын.

Орындау мерзімі: 30.05.2026 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.

2.3. Оқу жылының аяқталуына байланысты 2026 жылғы 20 мамыр мен 1 шілде аралығында күндізгі және түнгі рейдтік жұмыстар жүргізу қамтамасыз етілсін. Рейдтік іс-шаралар барысында кемелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында профилактикалық жұмыстарды ұйымдастырсын.

Орындау мерзімі: 01.07.2026 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.

2.4. Оқу жылының аяқталуына байланысты білім беру ұйымдарында оқушылар, ата-аналар және педагогтар тарапынан ақша қаражатын жинау, сыйлықтар сатып алу немесе беру, сондай-ақ осыған ұқсас кез келген бастамаларды ұйымдастыруға жол берілмесін. Осы бағытта ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілсін. Ата-аналар тарапынан қолхат алуды ұйымдастырсын.

Орындау мерзімі: 04.05.2026 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.

2.5. Мектеп аумағында сауда-саттық қызметін жүзеге асыруға қатаң түрде тыйым салынсын. Мектеп әкімшілігіне аталған талаптың орындалуын қамтамасыз етіп, құқық бұзушылықтарға жол бермесін.

Орындау мерзімі: тұрақты бақылау.

3. Аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы (А.Базарқұлова, келісімі бойынша, жинақтау), аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы (С.Абиков), аудандық Полиция бөлімінің бастығы (М.Қуанышбеков, келісімі бойынша), ауылдық округі әкімдері, заң талаптарына сәйкес:

3.1. Оқу жылының аяқталуына байланысты балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың денсаулығы мен өміріне төнуі мүмкін қауіптердің алдын алу, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында кәсіпкерлер тарапынан банкеттер, ойын-сауық кештері және көпшілік жиналатын өзге де іс-шараларды ұйымдастыруға жол берілмесін.

Осыған байланысты аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі заңнама талаптарына сәйкес кәсіпкерлер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізсін.

Орындау мерзімі: 06.05.2026 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.

3.2. Кәсіпкерлер тарапынан заң бұзушылық әрекеттерге жол берілмеуі қатаң қадағалансын, заң бұзушылықтарға жол берген жағдайда қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті шаралар толық көлемде қабылдансын.

Орындау мерзімі: тұрақты бақылау.

3.3. Білім беру ұйымдары тарапынан оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ҚР Оқу-ағарту министрлігі мен Жамбыл облыстық полиция департаментінің тиісті нұсқаулықтары мен әдістемелік ұсынымдарына сәйкес ата-аналармен жүйелі түрде түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Орындау мерзімі: 06.05.2026 жылға дейін, өрі қарай тұрақты бақылау.

3.4. Алдағы келе жатқан мерекелік демалыс күндері оқыс оқиғаларға жол бермеу, жасөспірімдердің қауіпсіздігін қадағалау бойынша ата-аналарды ақпараттандыру жұмыстарын кең көлемде жүргізсін. Мектеп әкімшілігі жасөспірімдердің ата-аналарымен демалыс уақытында қауіпсіздігін қадағалау мақсатында тұрақты түрде байланыс орнатуды қамтамасыз етсін.

Орындау мерзімі: 06.05.2026 жылға дейін, өрі қарай тұрақты бақылау.

3.5. Соңғы қоңырау мерекесіне байланысты мектеп бітіруші оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында көлік құралдарымен (кортеждер ұйымдастыру, ойын-сауық мақсатында топтасып жүру, таулы аймақтарға серуендеуге шығу және өзге де бақылаусыз әрекеттер жасау) қатысуына жол берілмесін.

Орындау мерзімі: 06.05.2026 жылға дейін, өрі қарай тұрақты бақылау.

3.6. Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің тиісті құжаттарсыз көлік құралдарын басқаруына қатаң түрде тыйым салынсын. Жасөспірімдердің қатысуымен орын алған жол-көлік оқиғаларын негізге ала отырып, ата-аналар жиналыстарында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Орындау мерзімі: 04.05.2026 жылға дейін, өрі қарай тұрақты бақылау.

3.7. Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің демалыс күндері ата-анасының немесе заңды өкілдерінің қарауынсыз таулы аймақтарға, қала сыртына және өзге де елді мекендерге серуендеу мақсатында шығуына жол бермеу мәселесі қатаң қадағалансын.

Қауіпсіздік шараларының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында мектеп әкімшілігі мен полиция бөлімі тарапынан жүйелі бақылау күшейтілсін.

Орындау мерзімі: тұрақты бақылау.

4. Аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы (А.Базарқұлова), аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы (Н.Қадырханов), аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы (Н.Көпбаев), «Құлан медиа» орталығының директоры (Ж.Базылбеков), ауылдық округі әкімдері, заң талаптарына сәйкес:

4.1. Ауылдық округ әкімдері кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өз аумақтарындағы су айдындарына (өзендер, көлдер, көлшіктер және өзге де су көздері) ШОМЫЛУҒА ТЫЙЫМ

салынғаны туралы ескерту белгілерін, тақтайшаларды талапқа сай орналастыруды қамтамасыз етсін.

Атқарылған жұмыстар бойынша фотоесеп белгіленген тәртіппен ұсынылсын.

Сондай-ақ, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында су айдындары маңында бақылау жүргізу үшін арнайы жауапты қызметкерлерді бекіту және олардың тұрақты кезекшілігін ұйымдастыру қамтамасыз етілсін.

Орындау мерзімі: 14.05.2026 жылға дейін, өрі қарай тұрақты бақылау.

4.2. Төтенше жағдайлар бөлімі, учаскелік полиция инспекторлары, ауылдық округ әкімдері бірлесіп су айдындарына рейд жұмыстарын тұрақты түрде жүргізісін және қауіпсіздік шаралары туралы ақпараттық жадынамаларды жасап ата-аналарға, жасөспірімдерге таратсын, олармен түсіндіру жұмыстарын жүргізісін.

Орындау мерзімі: 14.05.2026 жылға дейін, өрі қарай тұрақты бақылау.

4.3. Құлан медиа орталығы тарапынан аудан тұрғындарын оның ішінде жасөспірімдердің өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында әлеуметтік желілер арқылы ақпараттандыру жұмыстарын жүргізісін. Бейнежазбалар әзірлеп, тиісті сала мамандарының қатысуымен тікелей эфирлер, сұхбат беру жұмыстары ұйымдастырылсын.

Орындау мерзімі: 14.05.2026 жылға дейін, өрі қарай тұрақты бақылау.

5. Аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы (А.Базарқұлов, келісім бойынша), аудан әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы (Е.Шабеев), «Аудандық жастар ресурстық орталығының» директоры (Е.Қуандық), заң талаптарына сәйкес:

5.1. Полиция бөлімі мен мектепшілік есепте тұрған кәмелетке толмаған жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында спорттық секцияларға және үйірмелерге тарту бойынша жүйелі жұмыстар ұйымдастырылсын.

Спорттық үйірмелер мен секцияларға қамтылған оқушылардың нақты тізімі жасалып, олардың аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі жарыстарға қатысу көрсеткіштері зерделенсін.

Орындалу мерзімі: 14.05.2026 жылға дейін, өрі қарай тұрақты бақылау.

5.2. Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында Жастар ресурстық орталығы тарапынан «Жасыл ел» бағдарламасы шеңберінде уақытша еңбекпен қамту мүмкіндіктері қарастырылсын.

Осы бағытта тиісті түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, бағдарламаға тарту ұйымдастырылсын.

Орындалу мерзімі: тұрақты бақылау.

6. Аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы (А.Базарқұлов, келісім бойынша, жинақтау), аудандық отбасын қолдау орталығының директоры (А.Қожаберген), аудандық Полиция бөлімінің бастығы (М.Қуанышбеков, келісімі бойынша), заң талаптарына сәйкес:

6.1. №6 мектеп-гимназиясының 6 сынып оқушысы кәмелет жасына толмаған Е.Н.Н-ның бойында психологиялық өзгерістердің (депрессия, күйгелектік, өз-өзіне қол жұмсауға ұмтылу) болуына байланысты қатаң бақылауға алып арнайы мамандардың көмегімен жасөспіріммен психологиялық түзету жұмыстарын жүргізсін. Жүргізілген жұмыстар нәтижесі бойынша комиссия хатшылығына ақпарат берсін.

Орындалу мерзімі: 30.04.2026 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.

6.2. Білім бөлімі тарапынан кәмелет жасына толмаған Е.Н.Н-ді (белгіленген мерзімде) лагерьге орналастыруды қамтамасыз етіп, осы уақыт аралығында облыс әкімдігінің білім басқармасына қарасты облыстық психологиялық қолдау орталығының мамандары тарапынан жасөспіріммен психологиялық жұмыстардың жүргізілуін ұйымдастырсын.

Мектеп әкімшілігі мен білім бөлімінің мамандары облыстық психологиялық қолдау орталығының психологтарымен бірлесе тиісті шараларды үйлестіріп, жасөспірімнің жағдайын тұрақты бақылауға алсын.

Қажет болған жағдайда кәмелетке толмағанның ата-анасымен (заңды өкілдерімен) түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, жасөспірімнің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етсін.

Орындалу мерзімі: 30.04.2026 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.

6.3. Отбасын қолдау орталығы және Полиция бөлімі кәмелетке толмаған Е.Н.Н.-ның отбасымен жеке жұмыс жүргізіп, ата-аналарының жауапкершілігін арттыруға бағытталған заң аясындағы шараларды қабылдасын.

Аталған отбасы бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижелері мамыр айында қорытындыланып, тиісті шешім қабылдау мақсатында комиссияның қарауына ұсынылсын.

Орындалу мерзімі: 06.05.2026 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.

7. Осы хаттаманың орындалуын бақылау «Аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия» хатшысы А.Сәрсеханұлына жүктелсін.

Комиссия төрағасы



Б.Тұрсынбек

Комиссия хатшысы



А.Сәрсеханұлы